

## ҚҰЖЖ кодтарын иемдену мәселесі жөнінде статистика органдары мен әділет органдарының өзара іс-қимылы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті төрағасының 2000 жылғы 28 қыркүйек N 224 және Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі төрағасының 2000 жылғы 29 қыркүйек N 84 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 24 қарашада N 1299 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркелім қызметі комитеті төрағасының 2007 жылғы 10 мамырдағы N 57 және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрайымының 2007 жылғы 8 мамырдағы N 124 бірлескен бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 14 наурыздағы N 56-ө Өкімінің 2 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫЗ:*

*1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті төрағасының 2000 жылғы 28 қыркүйек N 224 және Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі төрағасының 2000 жылғы 29 қыркүйек N 84 "ҚҰЖЖ кодтарын иемдену мәселесі жөнінде статистика органдары мен әділет органдарының өзара іс-қимылы туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1299 нөмірімен тіркелген) бұйрығының күші жоғылды* деп танылсын.

*2...*

*Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі Тіркелім  
қызметі комитетінің  
Төрағасы*

*Қазақстан Республикасы  
Статистика агенттігінің  
Төрайымы*

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік жалпы жіктеуішін жүзеге асыру туралы" 2000 жылғы 26 маусымдағы N 1130 Р001130\_ қаулысына сәйкес Занды тұлғалардың бірыңғай*

мемлекеттік тіркеліміне (бұдан әрі - Тіркелім) және филиалдар мен өкілдіктердің тізіліміне (бұдан әрі - Тізілім) ҚҰЖЖ коды енгізілді.

Тіркелімге және Тізілімге, сондай-ақ деректердің бірынғай электрондық банкіне ҚҰЖЖ кодын енгізуі қамтамсыз ету үшін әділет органдары статистика органдарымен бірлесіп мынадай иемдену тәртібін жүзеге асырады:

1. Әділет органдары тіркеу сәтінен бастап 10 күн ішінде тіркелген, қайта тіркелген және таратылған (Тіркелімнен, Тізілімнен шыгарылған) заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер туралы статистика органдарын жазбаша түрде х а б а р д а р е т е д і .

2. Статистика органдары әділет органдарының хабарларын алғаннан кейін 10 күн ішінде жазбаша түрде тіркеу органын ҚҰЖЖ кодтарын иемдену туралы х а б а р д а р е т е д і .

3. Осы бұйрықтың кешіктірілмей орындалуы туралы аумақтық әділет және статистика органдарының назарына жеткізілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің бірінші орынбасары Ю.К. Шоқамановқа және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметті комитеті төрағасының орынбасары Е.Ә. Сапаровқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасы  
Статистика жөніндегі  
агенттігінің  
Төрағасы

Тіркеу қызметті комитетінің  
Төрағасы

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінің